

Материалдық көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 21 шілдедегі N 245 Қаулысы. Жамбыл облысы Қордай ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 20 тамызда 99 нөмірімен тіркелді. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімі аппаратының 15.11.2013 № 05-1357 хаты)

Ескерту. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімі аппаратының 15.11.2013 № 05-1357 хаты).

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Соғысқа қатысушылар мен соғыс мүгедектерін жергілікті бұқаралық ақпарат құралдармен қамтамасыз ету мақсатында, «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» 1995 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы негізінде және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 2 тармағын басшылыққа ала отырып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Соғысқа қатысушылары мен соғыс мүгедектеріне 2010 жылдың екінші жартыжылдығына «Қордай шамшырағы» - «Кордайский маяк» газетіне 94 (тоқсан төрт) данасына жазылу үшін материалдық көмек көрсетілсін.

2. «Қордай ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бөлінген қаржыны мақсатты пайдалансын.

3. Осы Қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Т.Жамангөзовке жүктелсін.

4. Осы Қаулы Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қордай ауданының әкімі

I. Тортаев

